



Құрметті студент!

2017 жылы «Ауылшаруашылық ғылымдары - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080900	«Жеміс-көкөніс шаруашылығы»	1. Биология (ботаника) 2. Топырақтану 3. Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау 4. Жеміс шаруашылығы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Биология (ботаника)
 2. Топырақтану
 3. Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау
 4. Жеміс шаруашылығы
2. Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Биология (ботаника)

1. Тұқым қуалаушылық белгілерді тасымалдайтын жасуша органоиды:

- A) Рибасомалар
- B) Митохондрия
- C) Лизосомалар
- D) Пластидтер
- E) Вакуоль
- F) Ядро

2. Ядроның атқаратын қызметі:

- A) Көбею
- B) Бөліп шығарушы қызмет
- C) Майлар синтездейді
- D) Тыныс алу
- E) Ақуыз синтездейді
- F) Фотосинтез

3. Түзуші ұлпалардың өсімдік мүшелерінде орналасуы бойынша топтары:

- A) Апикальді
- B) Хлоренхима
- C) Мезодерма
- D) Эпидерма
- E) Латеральді
- F) Интеркалярлы

4. Өсімдік мүшелерінде қорғаныш қызметін атқаратын ұлпалар:

- A) Перидерма
- B) Қыртыс
- C) Колленхима
- D) Аэренхима
- E) Эпидерма
- F) Хлоренхима

5. Қосалқы тамыр анық байқалады:

- A) Қызылшада
- B) Инжугүлде
- C) Сәбізде
- D) Күнбағыста
- E) Қызғалдақта
- F) Бидайда

6. Сабақтың атқаратын қызметі:

- A) Ақпараттық
- B) Газ алмасу
- C) Қорғаныш
- D) Тірек
- E) Өткізу

7. Тамыр тән:

- A) Вирустарға
- B) Ұсақ ағзаларға
- C) Жабық тұқымдыларға
- D) Плаундарға
- E) Ашық тұқымдыларға

8. Тамырдың алғашқы анатомиялық құрылысына кіреді:

- A) Колленхима
- B) Склерейдтер
- C) Аэренхима
- D) Орталық цилиндр
- E) Эпидермис
- F) Экзодерма
- G) Эпиблема

9. Тамырмен саңырауқұлақтың селбесуінен туындаған микоризаның типтері:

- A) Гигротрофты
- B) Ксеротрофты
- C) Эктотрофты
- D) Гидротрофты
- E) Мезотрофты

10. Аскомицеттер класының өкілдері:

- A) Қастауыш
- B) Синхитриум
- C) Пеницилл
- D) Ольпидиум
- E) Ашытқы

11. Холобазидиомицеттер класының өкілдері:

- A) Пеницилл
- B) Синхитриум
- C) Қайыңқұлақ
- D) Ашытқы
- E) Фитофтора
- F) Қаракүйе

12. Қызыл балдырлардың өкілдері:

- A) Полисимфония
- B) Хроокок
- C) Носток
- D) Гелидиум
- E) Хлорелла
- F) Леманеа
- G) Оцилятория

13. Шаңжапырақ тәрізділер класының өкілдері:

- A) Селагинелла
- B) Азолла
- C) Проптеридофит
- D) Шаңжапырақ
- E) Псилофит

14. Тіршілік циклында спорофит сатысы басым споралы өсімдіктер:

- A) Жасыл мүк
- B) Шаңжапырақ
- C) Раушан
- D) Қызылша
- E) Плаун

15. Шатыршагүлділер тұқымдасының өкілдері:

- A) Алабұта
- B) Сексеуіл
- C) Утамыр
- D) Қызылша
- E) Таран
- F) Қалампыр
- G) Ақжелкен

16. Итмұрындар тұқымдас тармағының өкілдері:

- A) Алма
- B) Алмұрт
- C) Сұлы
- D) Таңқурай
- E) Шие
- F) Раушангүл
- G) Құлпынай

17. Алқалар тұқымдасының өкілдері:

- A) Сарғалдақ
- B) Бұрыш
- C) Итмұрын
- D) Қоға
- E) Алмұрт

18. Өсімдіктердің Раункиер классификациясы бойынша өмірлік формалары:

- A) Миксотрофтылар
- B) Эуксерофиттер
- C) Герофидтер
- D) Автотрофтылар
- E) Псаммофиттер
- F) Суккуленттер
- G) Хамефиттер

19. Дәрілік өсімдіктер:

- A) Қызғалдақ
- B) Жусан
- C) Сүйелшөп
- D) Түймедақ
- E) Қалақай

20. Көбею фазасында спорофит сатысы басым өсімдіктер:

- A) Плаундар
- B) Шаңжапырақтәрізділер
- C) Кілегейлер
- D) Вирустар
- E) Бактериялар
- F) Балдырлар
- G) Саңырауқұлақтар

21. Жыныссыз көбею тән:

- A) Шатыршагүлділерге
- B) Орамжапырақтарға
- C) Күрделігүлділерге
- D) Кілегейлілерге
- E) Плазмодийлерге
- F) Ерінгүлділерге
- G) Вирустарға

22. Экологиялық топ галофит өсімдіктер:

- A) Ақселеу
- B) Сұлы
- C) Бидай
- D) Тары
- E) Қарабидай
- F) Бетеге

23. Тундра аймағының өсімдіктері:

- A) Тұңғиық
- B) Көкшегүл
- C) Сфагнум
- D) Пияз
- E) Бәйшешек
- F) Балдыршөп
- G) Сарғалдақ

24. Ареал формалары:

- A) Оқшауланған
- B) Популяция
- C) Бөлшектенген
- D) Тегіс
- E) Алшақтаған
- F) Бүтін

25. Тундра аймағының өсімдіктері:

- A) Айрауық
- B) Арша
- C) Кермек
- D) Кактус
- E) Асқабақ
- F) Құлпынай

**Биология (ботаника)
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Топырақтану

1. Тарихи генетикалық жіктелудің авторлары:

- A) В.Р. Вильямс
- В) В.А. Ковда
- С) Б.Б. Польшов
- D) К.К. Гедрайц
- Е) И.П. Герасимов
- F) В.И. Вернадский

2. Призма тәріздес түйіртпек типінің жіктелуі:

- A) Ірі кесекті, кесекті, ұсақ кесекті, тақталы
- В) Жұмыртқа, қабыршақты, ірі қабыршақты
- С) Ірі призмалы, ұсақ призмалы, қарындаш тәрізді
- D) Плиткалы, пластинкалы, жапырақты
- Е) Ірі призмалы, дәнше, ұсақ кесекті
- F) Ірі жаңғақты, жаңғақты, ұсақ жаңғақты

3. Зат айналымының түрлері:

- A) Химиялық
- В) Үлкен және орташа
- С) Биогеохимиялық
- D) Механикалық
- Е) Физикалық

4. Мезоүдеріске:

- A) Өсімдіктердің қоректік заттарды сіңіруі
- В) Өсімдік қалдықтарының ыдырауы
- С) Лессиваж
- D) Кебірлену
- Е) Күлгін топырақ түзілу
- F) Сары топырақтар түзілуі

5. В қабаты:

- A) Төсеніш қабаты
- В) Элювиальды қабаты
- С) Қарашірінді жиналу қабаты
- D) Аналық тау жынысы қабаты
- Е) A₂ қабаты
- F) Шайылған заттар жиналу қабаты

6. В.В. Докучаев бойынша «Топырақ»:

- A) Әрі тірі, әрі өлі денеден құралған тасты жыныс
- B) Табиғаттың ғаламат туындысы
- C) Жердің үстінгі қабатында жатқан, қарашіріндімен азды-көпті мөлшерде боялған
- D) Халыққа азық-түлік, өндіріске шикізат беруші
- E) Топырақ адамзат еңбегінің туындысы, жемісі
- F) Табиғи экологиялық жүйелердің басты құрамды бөлігі

7. Морфо-генетикалық жіктелудің авторлары:

- A) П.С. Коссович
- B) Б.Б. Польшов
- C) Я.Н. Афанасьев
- D) В.В. Докучаев, С.А. Закаров
- E) К.К. Гедройц
- F) В.А. Ковда
- G) В.Р. Вильямс

8. Тығыздылық дәрежесіне қарай топырақ:

- A) Жеңіл, жапырақты
- B) Өте тығыздалған
- C) Жаңғақты, кесекті
- D) Ірі кесекті, тасты
- E) Тасты, бытыраңқы

9. Күлгіндену үрдісінде:

- A) Ылғалдылық артық жағдайда анаэробты ортада түзіледі
- B) Топырақ құрамында қышқылдарға төзімді кремний тотығы жиналған
- C) Тайгалы орман ішінде ағаш жапырақтары ыдырауы, қышқылды өнім қалыптасуы
- D) Бусану су құбылымы бар аумақтарда қалыптасады
- E) Топырақтың беткі қабаттарына тұзы бар ащы су көтерілуі

10. Топырақ кескіні құрылысы ерекшелігіне байланысты түрлері:

- A) Кебірленген, сортаңданған, әлсіз жіктелген
- B) Толық емес кескін, негізгі, орташа
- C) Аударылған, мозайкалы
- D) Қарапайым, толық дамымаған, кәдімгі, әлсіз жіктелген, бұзылған
- E) Жартылай кескін, қалдықты кескін, мозайкалы
- F) Көп мүшелі кескін, полициклді, толық

11. Жаңа жарандылар:

- A) Дендриттер, жұғындар, көмірдің сынығы, арна, түтікше
- B) Жұғындар, арна, түтікше, кесектер, көмірдің сынығы
- C) Суда ерігіш тұздар, гипс, кальций карбонаты
- D) Темір, алюминий, марганец тотықтары, қарашірінді қосылыстары
- E) Жануарлардың сүйегі, көмірдің сынығы
- F) Капролиттер, гипс, кальций карбонаты, тау жыныстарының сынығы
- G) Темір, алюминий, марганец тотықтары, шынылар

12. Толық дамымаған (жетілмеген) кескін сипаттамасы:

- A) Көп мүшелі
- B) Көміліп үстіне жаңа топырақ кескіні пайда болған
- C) Тез бұзылатын минералдары аз топырақтарда қалыптасады
- D) Су немесе жел эрозиясына әр дәрежеде шалдыққан, көп мүшелі
- E) Көбіне таулы жерлерде болады
- F) Тығыз кристалды-массивті жыныстарда қалыптасады
- G) Кескіннің қалыңдығы бірнеше сантиметр, генетикалық қабаттары түгел

13. Іргелі топырақтану ғылымының дамыған салалары:

- A) Топырақ физикасы, ауыл шаруашылық топырақтануы
- B) Топырақ морфологиясы, топырақ минералогиясы
- C) Орман шаруашылығы топырақтануы, топырақ құнарлылығы
- D) Топырақты қорғау, мелиорациялық топырақтану
- E) Мелиорациялық топырақтану, орман шаруашылығының топырақтануы
- F) Топырақ географиясы, топырақ тарихы, топырақ құнарлылығы
- G) Топырақ құнарлылығы, топырақты қорғау, топырақ картографиясы

14. Үлкен геологиялық зат айналымы:

- A) Қысқа уақытқа созылған
- B) Ұзақ уақытқа созылған
- C) Заттар ағымының құралуы, жерүсті, жер асты суларымен, желмен олардың шоғырланып шөгу құбылыстарының жиынтығы
- D) Қоршаған ортамен өсімдіктердің арасындағы заттар айналымы
- E) Қоршаған орта және өсімдіктермен жануарлардың арасындағы зат алмасуы
- F) Жер қыртысының қабаттарға бөлінуі
- G) Күн нұры радиациясының өзгерісімен өсімдік дамуының сәйкес құбылуы

15. Топырақтану ғылымы зерттейді:

- A) Табиғи экологиялық жүйелерді
- B) Топырақты жақсарту және құнарсызданудан қорғау, халық шаруашылығында тиімді пайдалану жолдарымен әдістерін
- C) Адамзат еңбегінің туындысы, жемісі ретінде
- D) Топырақтың құрылысын, құрамын, қасиеттерін, пайда болуымен дамуының заңдылықтарын
- E) Топырақтардың географиялық таралуын, қоршаған ортамен байланысын, табиғаттағы маңызын
- F) Тірі ағзалардың, ауа райының, жер бедерінің гидросфераның өзара қарым-қатынасы әсерін
- G) Физикалық, химиялық қасиеттерін, жер кодексін

16. Топырақтың анықтамасы:

- A) Шикізат қоры, минералға бай
- B) Негізгі өндіріс құралы ретінде қолданылады
- C) Қызметі алуан түрлі, күрделі құрамды, көп бөлімді ашық құрылымдық жүйе
- D) Қатты, сұйық, газ және тірі бөліктерден құралған, шикізат қоры
- E) Тау жыныстарының бұзылу қабатының үстіне орналасқан, құнарлылығы бар
- F) Бес фактордың өзара қарым-қатынасы әсерінен түзілген

17. Кебірлену үрдісі:

- A) Топырақтың дәнше-кесекті құрылым қалыптасуымен сипатталады
- B) Темірленген микроқұрылымды, аз сіңіру қабілеті бар, біріктігіштігі нашар
- C) Топырақтың физикалық, химиялық және басқа қасиеттері нашар болады
- D) Шайылымда су құбылымы бар аумақтарда қалыптасады
- E) Үдеріс нәтижесінде кебір және кебірленген топырақтар түзіледі
- F) Топырақ қабатында алмаспалы натрий иондарының шоғырлануы

18. Топырақ түзуші агенттерге:

- A) H_2O
- B) H_2CO_3 , H_2O
- C) H_2CO_3 , O_2 , Ca
- D) Ca
- E) Тірі ағзалар және олардың әрекетінің өнімдері

19. Топыраққа ақ және ақшыл түс беретін қосылыстар:

- A) Қарашірінді қосылыстары
- B) Темір тотығы
- C) Көмірқышқылды кальций
- D) Гипс
- E) Каолинит

20. Шымдану үдерісі:

- A) Үдеріс тропикалық және субтропикалық ылғалды аймақтарда байқалады
- B) Әлсіз ыдыраған органикалық қалдықтардың жинақталуымен сипатталады
- C) Ылғалдылық артық жағдайда анаэробты ортада түзіледі
- D) Шөптесін өсімдіктер қалдықтары ыдырау әсерінен
- E) Топырақтың дәнді-кесекті құрылым қалыптасуымен сипатталады

21. Топырақтың пайда болу кезеңдері:

- A) Өсімдіктердің пайда болу кезеңі
- B) Топырақ құралуының алғашқы кезеңі
- C) Топырақ құралуының даму кезеңі
- D) Перм кезеңі
- E) Топырақтың кемелденіп жетілген кезеңі

22. Монтмориллонит тобындағы минералдар:

- A) Галлуазит
- B) Слюдалар
- C) Сапонит
- D) Кальцит
- E) Бейделлит
- F) Диккит
- G) Кварц

23. Физикалық құмға жататын фракциялар:

- A) Ұсақ шаң
- B) Майда тозаң
- C) Орташа құм
- D) Ірі құм
- E) Орташа шаң
- F) Ірі тозаң
- G) Коллоидтар

24. Топырақтың минералды бөлігі, %:

- A) 80-90
- B) 10-15
- C) 50-54
- D) 60-64
- E) 80-83

25. Гумин қышқылдары басым топырақтар:

- A) Нағыз қара-қоңыр
- B) Кебір
- C) Тақыр
- D) Қызыл
- E) Күлгін
- F) Кәдімгі қара топырақ

**Топырақтану
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау

1. Жартылай қатты қанаттылар отрядының тұқымдастары:

- A) цикадалар
- B) қалқаншалылар
- C) ақкөбелектер
- D) тарақандар
- E) миридалар
- F) қалқаншалы бақашықтар
- G) бұзаубастар

2. Қазақстан территориясында таралған саяқ шегірткелер түрлері:

- A) Атбасар саяқ шегірткесі
- B) Азиялық немесе ұшпа шегіртке
- C) Ақжолақты саяқ шегіртке
- D) Мароккалық шегіртке
- E) Трихограмма
- F) Италияндық прус
- G) Шөлейт шегірткесі

3. Пияздың ызылдақ шыбынының биологиялық ерекшелігі:

- A) Шыбын жасыл-қола түсті, ұзындығы 5-9мм дейін жетеді
- B) Шыбын жасыл түсті, құрсағының 2 жағында үш-үштен ашық жарты ай тәрізді дақтары болады
- C) Дернәсілі егістік танаптағы жуашықта немесе сақтау қоймаларында қыстайды
- D) Дернәсілі сұрғылт-сары, ұзындығы 7-11мм
- E) Дернәсілі мен қуыршағы егістік танаптағы жуашықта немесе сақтау қоймаларында қыстайды
- F) Қуыршағы егістік танаптағы жуашықта немесе сақтау қоймаларында қыстайды

4. Картоптың негізгі зиянкестері:

- A) Колорадо қоңызы
- B) Колорадо қоңызы картоп өсіретін республикамыздың шығыс аймақтарында таралған
- C) Қызылбасты шпанкасы
- D) Швед шыбыны
- E) Цикадалар, бітелер

5. Жидек қандаласының биологиялық ерекшеліктері:

- A) Жеміс қандаласы батыста 1, оңтүстік-шығыста 2 ұрпақ береді.
- B) Жылына 4-5 ұрпақ береді
- C) Ересектері түскен жапырақтар астында қыстайды
- D) Ересектері әр түрлі өсімдік қалдықтарының астында қыстайды
- E) Жеміс қандаласы солтүстікте 1, оңтүстікте 2 ұрпақ береді

6. Раушан жапырақ ширатқыш көбелегінің биологиялық ерекшеліктері:

- A) Жылына бір ұрпақ беріп дамиды
- B) Жұмыртқалары діндерінде және ірі-ірі бұтақтарда қыстайды
- C) Жұлдызқұрттары ірі бұтақтарда қыстайды
- D) Жұлдызқұрттары тек жапырақтарда қыстайды
- E) Жұлдызқұрттары діндерінде қыстайды
- F) Жұлдызқұрттар сабақтарда қыстайды

7. Танқурай бітесінің биологиялық ерекшеліктері:

- A) Жылына 15-18 ұрпақ беріп дамиды
- B) Жұмыртқалары топталып немесе жеке бүршік жанында қыстайды
- C) Жұмыртқалары топталып бүршіктерде немесе бүршік жанында қыстайды
- D) Ересек кенелер қыстайды
- E) Жылына 6-10 ұрпақ беріп дамиды
- F) Жылына 3-5 ұрпақ беріп дамиды

8. Жеміс ағаштарында кездесетін аурулар:

- A) бактериялы рак
- B) қара рак
- C) кәдімгі рак
- D) биотрелді рак
- E) сатылы рак

9. Милдью ауру қоздырғышының залалдайтын өсімдік органдары:

- A) қабығы
- B) жас өркендері, гүлдері, мұртшалары
- C) сабақ негізі
- D) бүршіктері
- E) көк жидектері
- F) сабағы
- G) тамыры

10. Физикалық күресу тәсілі:

- A) әртекті механикалық бөгеттер жасау
- B) ауру тудыратын бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтарды қолдану
- C) зиянкестерді ұстағыш белбеулерді қолдану
- D) қоймадағы сақтаулы астықты бірнеше тәулік бойы 8-10⁰С-қа дейін салқындату
- E) зиянкестермен зақымданған дәнді электр тогының жоғарғы жиілігімен қыздыру

11. Шала түрленіп дамитын отрядтар:

- A) тура қанаттылар
- B) қабыршаққанаттылар
- C) тең қанаттылар
- D) торқанаттылар
- E) қаттықанаттылар
- F) жартылай қаттықанаттылар
- G) жарғаққанаттылар

12. Қазақстандағы мароккалық шегірткенің ареалы:

- A) Шығыс Қазақстан облысы
- B) Оңтүстік Қазақстан облысы
- C) Қостанай облысы
- D) Алматы облысы
- E) Жамбыл облысы

13. Қырыққабат ақ көбелегінің биологиялық ерекшелігі:

- A) Екі жылда бір туады
- B) Ересек жұлдыз құрттар
- C) Жаз бойы қырыққабат ақ көбелегінің 2-4 ұрпағы дамиды
- D) Дернәсіл болмайды
- E) Жаз бойы қырыққабат ақ көбелегінің 7-8 ұрпағы дамиды

14. Пияз және сарымсақ аурулары:

- A) ақ шірік
- B) антракноз
- C) тамыр шірігі
- D) жалған ақ ұнтақ
- E) аскохитоз
- F) ақ ұнтақ

15. Қияр ауруларының қоздырғыштары:

- A) *phytophthora infestans*
- B) *cercospora beticola*
- C) *sclerotinia libertiana*
- D) *synchytrium endobioticum*
- E) *phoma betae*
- F) *pythium debaryanum*

16. Қызанақ төбе шірігінің дамуына қолайлы жағдай:

- A) салыстырмалы ауа температурасы
- B) егістікте өсімдіктің жиілігі
- C) азот тыңайтқышының артық мөлшері
- D) жарық
- E) ортаның қышқылдығы
- F) төменгі температура

17. Картоптың вирус ауруларының таралуы:

- A) жапырақ жемірі зиянкестер арқылы
- B) сорғыш бунақденелілер (біте) арқылы
- C) механикалық жарақат арқылы
- D) су арқылы
- E) түйнек арқылы
- F) құрал-сайман арқылы
- G) ауа арқылы

18. Картоптың таз ауруларының қоздырғыштары:

- A) *streptomyces scabies*
- B) *rhizoctonia solani*
- C) *erysiphe communis*
- D) *peronospora schachtii*
- E) *phoma betae*
- F) *cercospora beticola*
- G) *erysiphe communis*

19. Жүзімнің жидегін залалдайтын аурулар:

- A) оидиум
- B) хлороз
- C) милдью
- D) церкоспороз
- E) антракноз
- F) дақты некроз

20. Қарақаттың тат аурулары қоздырғыштарының аралық ие өсімдіктері:
- A) сүттіген
 - B) итшомырт
 - C) бөріқарақат
 - D) веймут қарағайы
 - E) қиякөлең
 - F) арша
 - G) сібір қарағайы
21. Биологиялық күрес тәсілі:
- A) гербицидтерді қолдану
 - B) төзімді сорттарды пайдалану
 - C) тыңайтқыштарды қолдану
 - D) энтомофагтарды пайдалану
 - E) инсектицидтерді қолдану
 - F) биопрепараттарды қолдану
 - G) фунгицидтерді қолдану
22. Қабыршаққанаттылар отрядына жатады:
- A) қалқаншалылар
 - B) ақкөбелектер
 - C) трипстер
 - D) аралар
 - E) алма жеміс жемірі
 - F) раушан жапырақ ширатқышы
23. Жалпақ шыртылдақ қоңыздың биологиялық ерекшелігі:
- A) Дернәсілдері Солтүстік Қазақстанда 3 жыл бойы дамиды
 - B) Дернәсілдер 3-4 жыл бойы дамиды
 - C) Бір жылда он ұрпақ береді
 - D) Бір жылда екі ұрпақ береді
 - E) Бір жылда үш ұрпақ береді
 - F) Дернәсілдері Солтүстік Қазақстанда 1 жыл бойы дамиды
24. Жеміс дақылдарын қорғауда ақ ұнтақ ауруына қарсы қолданылады:
- A) антракол
 - B) витавакс 200 ФФ
 - C) байлетон
 - D) ровраль
 - E) дитан М-45

25. Жидек дақылдарының ауруларына қарсы қолданылатын фунгицидтер:

- A) скор
- B) топаз 100
- C) антракол
- D) дитан М-45
- E) акробат МЦ

**Жеміс-көкөніс дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жеміс шаруашылығы

1. Аронияның жеміс сала бастауы, жыл:

- A) 4
- B) 3
- C) 9
- D) 6
- E) 2
- F) 10
- G) 5

2. Қазақстанның солтүстік жеміс аймақтарындағы жеміс бағы бөлтектерінің көлемі, га:

- A) 7
- B) 8
- C) 9
- D) 18
- E) 5
- F) 10
- G) 11

3. Бақ отырғызылатын орынды таңдауда:

- A) мал қораларының болуы
- B) ірі су көздерінің болуы
- C) өнімді сақтайтын тоңазытқыштардың болуы
- D) электр тоғымен қамтамасыз ету
- E) газ құбырларының болуы
- F) өнімді өңдейтін цехтардың болуы

4. Жеміс бағын орналастыруға қолайлы жер бедері:

- A) тік беткейлер
- B) тегіс жерлер
- C) тастақты жерлер
- D) жер асты суы 20 см тереңдікте орналасқан
- E) 5-12°-тық беткейлер

5. Ағаштарға фосфор жеткіліксіз болса:

- A) шайыр ауруы пайда болады
- B) жемістік өркендердің қалыптасуы күшейеді
- C) жеміс байлауы күшейеді
- D) жемісі шашылғыш келеді
- E) тамырлардың бұтақтануы нашарлайды
- F) жемісі ұсақталады

6. Сары қарақаттың отаны:

- A) Ресей
- B) Өзбекстан
- C) Англия
- D) Коларада
- E) Калифорния

7. Бүлдіргеннің үсу температурасы, °C:

- A) 8
- B) 4
- C) 11
- D) 5
- E) 10

8. Бүлдірген көшеттерінің категориялары:

- A) сұлама сабақты
- B) 2 – атпа сабақты
- C) атпа сабақты
- D) мүйізше
- E) мұртша
- F) бірінші репродукция

9. Алманың ерте пісетін жаздық сорты:

- A) Пеструшка
- B) Голден Делишес
- C) Ренет Казахстанский
- D) Розмарин белый
- E) Румянка Алматинская

10. Шекілдеуіктілерде басым келетін жемістік құрылымдар:

- A) жемістенген бұтақшалар
- B) сүйір бұтақша
- C) найзатүр бұтақшалар
- D) аралас өркен
- E) жемісті шыбықшалар

11. Бұта тәрізділер немесе түптенетін ағаш тәрізділер:

- A) бүлдірген
- B) алма
- C) шабдалы
- D) жүзім
- E) орман жаңғағы
- F) анар

12. Жарық жеткіліксіз болғанда да өсе алатын жеміс өсімдіктері:

- A) алма
- B) көкжидек
- C) алмұрт
- D) қарақат
- E) қаражидек

13. Ылғалдың жетіспеуінің жеміс ағашына әсері:

- A) жапырақтарда көгілдір дақтар пайда болады
- B) шайыр ауруы пайда болады
- C) заттар синтезі әлсірейді
- D) жемісі шашылғыш келеді
- E) хлорофиллдің құрылуы жоғарылайды

14. Шырпудың қосымша әдістері:

- A) деформациялау
- B) тұқырту
- C) көлбеу
- D) жасартқыш
- E) қалыптастырғыш

15. Ұластыру жұмыстарын орындау үшін қолданылатын құралдар:

- A) пышақ
- B) бақ қайшысы
- C) балта
- D) шеге
- E) ұластыру қайшысы
- F) бақ нұмы

16. Жемістерді ұзақ уақыт сақтауға арналған контейнерлер сыйымдылығы, кг:

- A) 450
- B) 200
- C) 550
- D) 300
- E) 100
- F) 150
- G) 400

17. Бақ шаруашылығындағы ағаш бөрікбасының табиғи формалары:

- A) Рузин пальметтасы
- B) Күлте қабатты
- C) Сиретілген қабатты
- D) Пиллар
- E) Италияндық пальметта
- F) Тік иірімді
- G) Қалақты
- H) Желпуішті пальметта

18. Қара қарақаттың сорты:

- A) Голубка
- B) Алтайское румяное
- C) Красная крупная
- D) Заветное
- E) Любимец
- F) Алтайская десертная

19. МПЯ-1 комбайнының қара қарақатты жинаудағы маусымдық өнімділігі, тонна:

- A) 53
- B) 50
- C) 54
- D) 20
- E) 55
- F) 56
- G) 25

20. Үй алмасының биіктігі, метр:

- A) 10
- B) 14
- C) 2,5
- D) 1,6
- E) 17
- F) 2,0
- G) 0,5

21. Клонды телітушілер топтары:

- A) бұрышты өсетіндер
- B) бойшаң өсетіндер
- C) биік өсетіндер
- D) ергежейлі өсетіндер
- E) өте биік өсетіндер
- F) жартылай ергежейлі

22. Айқас тозаңданатын жемістер:

- A) алмұрт
- B) өрік
- C) шабдалы
- D) қара өрік
- E) алма
- F) тәтті шие

23. Ағаш бөрікбастарының жоғарғы жағын шырпу үшін қолданылатын машиналар:

- A) ГГГ-78
- B) ЛСУ-3,5
- C) ЛС-2
- D) Л-888
- E) ЛЛГ-78
- F) РП-56
- G) ВС-511

24. Алша тұқымдарын стратификациялау ұзақтығы, күн:

- A) 170
- B) 100
- C) 150
- D) 120
- E) 200
- F) 300
- G) 180

25. Көшеттерді отырғызатын машиналар:

A) ПРВН-2,5А

B) СЛН-1

C) КРН-2,8А

D) РУ-4

E) РУ-25

F) КРН-2,8

**Жеміс шаруашылығы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**